

**Маңғыстау ауданының Тұщықұдық селосына қарасты жер бөлігінен Қияқты елді мекенінің аумақтық шекарасын белгілеу туралы**

***Күшін жойған***

Маңғыстау аудандық мәслихатының 2008 жылғы 19 желтоқсандағы N 10/126 шешімі мен Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 12 желтоқсандағы N 243 қаулысы. Маңғыстау ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 15 қаңтарда N 11-5-67 тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Маңғыстау аудандық мәслихатының 2016 жылғы 21 қазандағы N 5/53 шешімі мен Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 21 қазандағы N 350 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Маңғыстау аудандық мәслихатының 21.10.2016 № 5/53 шешімі мен Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 21 қазандағы N 350 қаулысымен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 108-бабына және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ** және аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Мемлекеттік жер-ғылыми өндірістік орталығы Маңғыстау еншілес кәсіпорнының жобасына сәйкес Маңғыстау ауданының Тұщықұдық селосына қарасты жер бөлігінен Қияқты елді мекенінің аумақтық шекарасы 2728,7 гектар (жайылысы 1391,0 гектар) болып белгіленсін.

2. Жалғанған қосымшаға сәйкес Маңғыстау ауданының Тұщықұдық селосына қарасты жер бөлігінен Қияқты елді мекенінің аумақтық шекарасының сызбасы бекітілсін.

3. Осы бірлескен шешім және қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Сессия төрағасы*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*Ж.Албытов*

*С.Қапашұлы*

*Ж.Жапақов*

**КЕЛІСІЛДІ:**

**Қалиев Есет Өтемісұлы**

**Аудандық жер қатынастары**

**бөлімі бастығының м.а.**

**19 желтоқсан 2008 ж**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК